

Б.А. Сериев^{1*}, **Ж.А. Хамзина²**, **Б.Р. Таубаев¹**,
Б.Ж. Айтимов¹, **М.Р. Коньсбекова¹**

¹І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ., Қазақстан

²Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

*e-mail: seriev_bolat@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ЛУДОМАНИЯҒА ҚАРСЫ ЗАҢНАМАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ұсынылып отырған зерттеудің мақсаты Қазақстан Республикасында лудоманияның орын алу жағдайларына құқықтық сараптамалық талдау жасау, лудомания себептеріне ғылыми зерттеу жасау, Қазақстан Республикасының және кейбір шет мемлекеттерінің лудоманияға қарсы заңнамалық актілеріне зерттеу жүргізу және Қазақстан Республикасында лудоманияға қарсы заңнаманы қалыптастыру бойынша құқықтық ғылыми қорытындылар жасау.

Соңғы уақытта саны артып келе жатқан және адамның мінез құлқына теріс әсер ететін қоғамға жағымсыз құбылыс – лудоманияның орын алуына байланысты ғылымда осы мәселені ғылыми тұрғыдан зерттеу қажеттілігі артып келеді. Дамыған мемлекеттер мемлекеттік саясатты өзінің мемлекеттік құрылыс және құқықтық жүйелерінің ерекшеліктеріне қарай әр түрлі әдістермен лудоманияға қарсы саясаттарын жүргізіп келеді. Қазақстан Республикасы жағдайында лудоманияға қарсы заңнамалық саясат өзіндік ерекше сипатқа ие болуы тиіс. Қоғамдық қатынасқа ең тиімді ықпал ету құралы заңнама болғандықтан, заңнамалық реттеуді ғылыми тұрғыдан қалыпқа келтіру өзекті мәселе. Сол себептен де авторлар лудоманияға қарсы заңнаманы қалыптастыруды алдымен құқықтық ғылыми тұрғыдан зерттеуді ұсынып отыр.

Зерттеу жұмысында құқықтық ғылыми зерттеу әдістері кеңінен қолданылды. Мақаланың талқылау бөлігінде логикалық әдістер атап айтқанда, индукция, дедукция және аналогия әдістері қолданылса. Заңнамадағы оқшылықтар мен қарама-қайшылықтарды анықтау барысында салыстырмалы құқықтық әдістер қолданылды. Бұл зерттеуді Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім Министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырады (№BR. 24992927 бағдарламасы).

Түйін сөздер: Қылмыстық құқық, лудомания, лудоман, қылмыстық заңнама, құмар ойындар, сыбайлас жемқорлық, лоторея, гемблинг, қылмыстың алдын алу.

B. Seriev ^{1*}, Zh. Khamzina ², B. Taubayev ¹,
B. Aitimov ¹, M. Konysbekova ¹

¹Zhetysu University named after I. Zhansugurov, Taldy-Kurgan, Kazakhstan

²Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

*e-mail: seriev_bolat@mail.ru

Actual issues of formation of anti-ludomania legislation in the Republic of Kazakhstan

The purpose of the proposed study is to conduct a legal expert analysis of cases of ludomania in the Republic of Kazakhstan, to conduct a scientific study of the causes of ludomania, to conduct a study of the legislative acts of the Republic of Kazakhstan and some foreign states against ludomania and to draw legal scientific conclusions on the formation of anti-ludomania legislation in the Republic of Kazakhstan.

Recently, in connection with the occurrence of ludomania, a negative phenomenon for society, the number of which is increasing and negatively affects human behavior, there is an increasing need for a scientific study of this problem in science. Developed states have been pursuing state policies in a variety of ways, depending on the specifics of their state-building and legal systems. In the conditions of the Republic of Kazakhstan, the legislative policy against ludomania should have its own special character. Since legislation is the most effective means of influencing public relations, the normalization of legislative regulation from a scientific point of view is an urgent problem. Therefore, the authors propose to first study the formation of anti-ludomania legislation from a legal scientific point of view.

In the research work, the methods of scientific research of law were widely used. In the discussion part of the article, logical methods in particular, if the methods of induction, deduction and analogy are

study is funded by the Science Committee of the Ministry of Science and higher education of the Republic of Kazakhstan (No. BR.Program 24992927).

Key words: criminal law, ludomania, ludoman, criminal law, gambling, corruption, lottery, gambling, crime prevention.

Б.А. Сериев^{1*}, Ж.А. Хамзина², Б.Р. Таубаев¹,
Б.Ж. Айтимов¹, М.Р. Коньисбекова¹

¹Жетысуский университет имени И. Жансугурова, г. Талдыкорган, Казакстан

²Казахский национальный университет имени Абая, г. Алматы, Казакстан

*e-mail: seriev_bolat@mail.ru

Актуальные вопросы формирования законодательства против лудомании в Республике Казахстан

Целью предлагаемого исследования является проведение правового экспертного анализа случаев возникновения лудомании в Республике Казахстан, научное исследование причин лудомании, проведение исследования законодательных актов Республики Казахстан и некоторых иностранных государств против лудомании и заключение правовых научных заключений по формированию законодательства против лудомании в Республике Казахстан.

В связи с возникновением в последнее время лудомании, негативного для общества явления, число которого растет и негативно влияет на поведение человека, в науке возрастает потребность в научном изучении этого вопроса. Развитые государства проводят государственную политику в лудомании различными методами в зависимости от особенностей своих правовых систем. В условиях Республики Казахстан законодательная политика против лудомании должна иметь свой особый характер. Поскольку наиболее эффективным средством воздействия на общественные отношения является законодательство, актуальна нормализация законодательного регулирования с научной точки зрения. Поэтому авторы предлагают сначала провести правовое научное исследование формирования законодательства против лудомании.

В исследовательской работе широко использовались методы научного исследования права. В обсуждаемой части статьи используются логические методы, в частности, методы индукции, дедукции и аналогии. При выявлении пробелов и противоречий в законодательстве применялись сравнительно-правовые методы. Это исследование финансируется Комитетом науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан (Программа №BR. 24992927).

Ключевые слова: Уголовное право, лудомания, лудоман, уголовное законодательства, азартные игры, коррупция, лотерея, гемблинг, профилактика преступлений.

Кіріспе

Елімізде лудомания мен заңсыз ойын бизнесін құқықтық реттеу және онымен күрес жүргізу бойынша бірқатар шаралар қабылдануда. Лудомания мен заңсыз ойын бизнесті реттейтін нормативтік құқықтық актілерге қоғам талабына сай заңнамалық өзгерістер мен толықтырулар енгізу күн тәртібінде. Қазақстан Республикасында лудомания мен заңсыз ойып бизнесін құқықтық реттеуді зерттеу барысында құмар ойын құрбандарының екі жақты табиғатын байқауға болады. Ол құмарлық бір жағынан ләззат алуға бағытталса, екінші жағынан бір мезеттік жеңіл табыс көзі ретінде айтуға болады. Қазақстан Республикасында ойынқұмарлықпен күрес жүргізу және лудоманияға қарсы заңнамаларды жетілдіру бүгінгі күннің өзекті мәселесі.

Көбіне құмар ойындарға тәуелділік адам өмірін кері жаққа өзгертеді. Жеңіл жолмен пайда табуға құныққан адам қоғамнан біртіндеп ал-

шақтап, өзгелермен байланыс орнату, яғни тұлға ретінде даму сияқты адами қасиеттерін жоғалтады. Құмар ойынға салудың салдары ағайын-туыспен жақын достармен қарым-қатынасы бұзылады. Жұмыстан айырылады, қызметте мансаптық көтерілуі мүмкін болмайды, күрделі қаржылық мәселелерге тап болады, тіпті өз-өзіне қол жұмсау, некенің ажырауына, ұрлыққа жеткізіп, арты түзеу мекемесіне (түрмеге) отырумен аяқталуы мүмкін. Сонымен қатар ғылыми қорытындыларды жасау барысында жалпыдан жекеге өту әдістері қолданылды.

Зерттеу материалдары мен әдістер

Қазақстан Республикасында лудоманияның алдын алумен байланысты Қазақстан Республикасында заңсыз ойын бизнесі мен лудоманияға қарсы іс қимыл жөніндегі 2024-2026 жылдарға арналған кешенді жоспары, Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Рес-

публикасының Қылмыстық кодексі, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі, Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының «Ойын бизнесі туралы», Қазақстан Республикасының «Лотереялар және лотерея қызметі туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары туралы» Заңы, сондай-ақ шетелдердің қолданыстағы заңнамалық нормативтік актілері, отандық және шет мемлекеттердің ғалымдарының ғылыми-теориялық еңбектеріне шолу жасалды.

Зерттеу жұмысында құқықтың ғылыми зерттеу әдістері кеңінен қолданылды. Мақаланың талқылау бөлігінде логикалық әдістер атап айтқанда, индукция, дедукция және аналогия әдістері қолданылды. Заңнамадағы олқылықтар мен карама-қайшылықтарды анықтау барысында салыстырмалы құқықтық әдістер қолданылды.

Зерттеу нәтижелері мен талқылау

Жаһандық өзгерістер елімізге төнетін қауіптің лудомания сияқты жаңа түрлерін туғызуда. Құмар ойындарға тәуелділік күшейіп, лудомандардың саны күн сайын артуда. Құмар ойындарға басым көпшілігі ақшалай бәс тігеді және тоқтай алмауда. Құмар ойындар құрабандары бәске қомақты ақша-қаражытынан айырылады және ол сомаларды қайтару үшін шағын несие ұйымдарынан кредит алады. Аталған кредитті төлеу үшін қарызға кіреді, барын сатады және жақындарын алдайды. Мұндай мінез-құлық лудомания синдромдарының бірі әрі бірігейі ретінде бағаланады. Құмар ойын жақындарымен қарым-қатынасқа, жұмыс бабына, мансаптық өсуге, отбасы құндылықтарын сақтауға және қаржылық жағдайға нұқсан келдіреді. Құмар ойындарға тәуелділік өзін-өзі ұстай алмау, күйзеліске түсіреді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысындағы сөзінде «Лудомания – бейбіт күнде елдің шырқын бұзып жатқан қатер. Соның кесірінен талай шаңырақ шайқалды. Талай азамат заң бұзып, қылмысқа ұрынды» деп айтты. Сол сияқты тағы бір қауіпті кесел – лудомания, яғни құмарпаздық. Кейбір мәліметтерге қарасақ, 400 мыңға жуық азамат – букмекерлік кеңселер мен казинолардың тұрақты клиенті. Бұл – тұтас бір қаланың халық санына пара-пар көрсеткіш. Шын

мәнінде, лудомания – бейбіт күнде елдің шырқын бұзып жатқан қатер. Соның кесірінен талай шаңырақ шайқалды. Талай азамат заң бұзып, қылмысқа ұрынды. Құмар ойын үшін қарызға батып, өзіне қол жұмсаған жандар туралы хабарлар, өкінішке қарай, күн сайын тарап жатады. Бұл дерт жас ұрпаққа өте үлкен зиян келтіреді. Онлайн-ойындар балалардың күнделікті ермегіне айналып барады. Құзырлы органдар былтыр интернет-казиноның белгісі бар 4 мыңнан астам сайтты бұғаттады», – деді (<https://kaz.inform.kz/news/prezident-ludomaniya-beybt-kunde-eldn-shirkin-buzip-zhatkan-kater-ae4847/> 2004). Ең қорқатынымыз, құмар ойымдардан зардап шегушілер арасында жастардың болуы. Лудомания тек елімізде ғана емес, бүкіл әлемнің өзекті мәселесіне айналды.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 39-бабына сәйкес азаматтардың құқығы мен бостандығы тек заңмен және конституциялық құрылымды сақтау, қоғамдық тәртіп, адамның құқықтары мен бостандығы, халық денсаулығы мен ар-намысын қорғау үшін қажет шамада ғана шектелуі мүмкін (<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000>). Осыған байланысты мемлекеттік қызметшілерге, әскери қызметшілерге, сондай-ақ құқық қорғау және арнайы органдардың қызметкерлеріне тыйым салуды енгізу ұлттық заңнамаға өзгерістер енгізуді талап етеді.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы 12 бабының 6-тармамығына сәйкес «Ойын бизнесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген анықтамаға жататын ойын мекемелерінде құмар ойындарға және (немесе) бәс тігуге қатысу, сол сияқты құмар ойындарға және (немесе) бәс тігуге сол үшін бөлінбеген орындарда қатысу немесе телекоммуникация желілерін, оның ішінде Интернет желісін пайдалану арқылы өткізетін құмар ойындарға және (немесе) бәс тігуге қатысу бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдайды» делінген (<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000410>). Яғни толықтырылды, онда мемлекеттік қызметшілер үшін құмар ойындарға немесе ойын мекемелеріндегі бәс тігуге қатысу бойынша шектеулер көзделген. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңның 12-бабы құмар ойындарға және бәс тігуге қатысуға тыйым салу түріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы жана шектеулермен толықтырылады.

Құқық қорғау органдарының қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының «Құқық

қорғау қызметі туралы» Заңның 80-бабының 1-тармағының 15-2)-тармақшасына сәйкес «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтамағаны үшін қызметкерді жұмыстан босату негіздемесі ретінде көрсетілген (<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000380>). Заңнамада көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді бұзу түрінде қызметкерді жұмыстан босату үшін жаңа негізбен толықтырылды.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары туралы» Заңның 51-бабының 14-тармағының 11-тармақшасында теріс себептер бойынша қызметтен шығару мынадай жағдайлары қарастырылған, олар қатарында «қызметкерлердің мынадай әрекеттері, оның ішінде қызметтік міндеттерін атқарумен байланысты емес, бірақ азаматтардың алдында арнаулы мемлекеттік органдардағы қызметтің беделін анық түсіретін әрекеттері, атап айтқанда: ақшалай немесе өзге де мүліктік сипаттағы құмар ойындарға және (немесе) ақшаға, заттарға және өзге де құндылықтарға бәс тігуге қатысу арнаулы мемлекеттік органдардағы қызметке кір келтіретін теріс қылықтар болып табылады» делінген (<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1200000552>). Заңнамада арнаулы мемлекеттік органдардағы қызметке кір келтіретін теріс қылық жасалғанда – жүргізілген қызметтік тергеп-тексеру нәтижелері бойынша жүргізіледі.

Мемлекеттік қызметшілердің, құқық қорғау органдарының, мемлекеттік арнаулы қызметкерлері мен әскери қызметкерлерінің құмар ойындар ойнауына тыйым салуы мәселесі бұрыннан талқыланды. Басынан бастап мұндай норма пайда болады деп айтылды.

Мемлекеттік, әскери қызметшілердің, құқық қорғау және арнаулы орган қызметкерлерінің құмар ойын ойнауына тыйым салудың және жолын кесудің сақталуын бақылау мақсатында мүдделі органдардың бірлескен кешенді жоспар әзірленді. Құмар ойындарға қатысу және бәс тігу фактісі расталған жағдайда, құқық бұзушылар теріс себептермен жұмыстан босатылғанға дейін жазаланады дегенді білдіреді.

Әскери қызметті реттейтін Қазақстан Республикасының «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Заңның 26-бабы бәс тігуге қатысқаны үшін теріс себептер бойынша қызметкерді жұмыстан шығару үшін негіздемемен толықтырылады (<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1200000561>).

Аталған заңның 26-бабы 12-тармағы 11-тармақшасы «әскери қызметке кір келтіретін теріс қылық жасалған жағдайларда жүргізіледі» делінген. Әскери қызметшінің мынадай әрекеттері, оның ішінде әскери қызметтік міндеттерін атқарумен байланысты емес, бірақ азаматтардың көз алдында әскери қызметтің беделін анық түсіретін әрекеттері, атап айтқанда, бюджет қаражатына немесе мемлекеттік мүлікке тікелей қызмет көрсететін әскери қызметшінің кінәлі әрекеттер жасауы, егер бұл әрекеттер уәкілетті лауазымды адам тарапынан оған деген сенімді жоғалтуға негіз берсе, ақшалай немесе өзге де мүліктік сипаттағы құмар ойындарға және (немесе) ақшаға, заттарға және өзге де құндылықтарға бәс тігуге қатысуы әскери қызметке кір келтіретін теріс қылықтар болып табылады.

Е. Бейсенбаев «Өкінішке қарай, бұл дерт қазір әскерде де кең етек алған. Олардың көбі құмар ойынның шырмауынан шыға алмай жатқанын білеміз. Бұдан бөлек, құмар ойын қылмысқа да ықпал етеді. Елімізде қылмыс жасайтындардың 20 пайызы лудомандар екені белгілі болды. Олар бәске тігетін ақша табу үшін алдымен қарыз алады, содан соң ұрлық, тонау секілді қылмыстарға барады екен. Көлеңкелі экономикаға да әсері бар. Ойын нарығы айналысында үлкен қаражат айналып жатыр. Мәселен, былтыр букмекерлік кеңселердің жылдық айналымы бейресми ақпараттар бойынша 1 триллион теңгеге жеткен екен. Демек, мұның айналасында мүдделі топтар, лоббистер болатыны сөзсіз. Осында келтірілген мәліметтерден Қазақстанда ойынкүмарлық індеттей өршіп, ел қауіпсіздігіне қатер төндіре бастағанын байқаймыз (<https://syrboyi.kz/akparat/qumar-ojynnyng-quryghy-171427/>).

Осыған байланысты лудоманияны реттейтін құқықтық нормаларға сүйенер болсақ, мемлекеттік қызметшілерге, әскери қызметшілерге, құқық қорғау және мемлекеттік арнаулы қызметтері өкілдеріне құмар ойын мекемелеріне баруға және бәс тігуге іс жүзінде тыйым салу енгізілді. Қызметке бұл норманы бұзған жағдайда теріс себептермен жұмыстан шығару көзделді.

Қазақстан Республикасының «Жарнама туралы» Заңының 13-бабының 6-тармағы 1-3 тармақшасына сәйкес «Лотерея операторы және (немесе) лотерея операторымен жасалатын тапсырма шарты шеңберінде лотерея таратушылар (агенттері) орналастыратын жарнаманы қоспағанда, лотереяны жарнамалауға тыйым салынады» делінген (<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/>

Z030000508_). Толықтырылған заң нормасында максималды түрде букмекерлік кеңселер мен казинолардың жарнамасын шектеу қарастырылған. Онда үйлердің қасбеттерінде, фасадтарында, ғимараттарда, құрылыстардың қоршауларында, көлік құралдарында сыртқы жарнамаға тыйым салынады.

Интернет ресурстарында, ресми сайттарда, телеарналар мен радиода, мерзімді баспа басылымдарында, кино беттерінде, мобильді операторлардың смс хабарламаларына да жарнамаға толық тыйым салынады. Енді белгілі блогерлер мен әлеуметтік желідегі танымал тұлғаларға мұндай ойын түрлерін жарнамалауға тыйым салынады.

Лотерея қызметі реттестіретін Қазақстан Республикасының «Лотереялар және лотерея қызметі туралы» Заңының 12-1-бабының 1-тармағы 4-тармақшасына сәйкес «Енді тұрғын үйлерде, жатақханаларда, ғибадат үйлерінде, мәдениет ұйымдарының ғимараттары мен құрылыстарында, білім беру және денсаулық сақтау мекемелерінде, сондай-ақ олардан жүз метр қашықтықтағы радиуста лотерея билеттерін таратуға және лотерея терминалдарын орнатуға тыйым салынады» деп пайымдалған (<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1600000495>). Сонымен қатар, лотерея қызметін реттеу тетіктері жаңартылды. Нақтырақ айтқанда, заңнамада тұрғын үйлерде, жатақханаларда, ғибадат үйлерінде, мәдениет ұйымдарының ғимараттары мен құрылыстарында, әлеуметтік объектілерде (білім беру, денсаулық сақтау), сондай-ақ олардан жүз метр қашықтықтағы радиуста лотерея билеттерін таратуға және лотерея терминалдарын орнатуға және сатуға тыйым салынады деген шектеу қойылғанды білдіреді.

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 444- бабының 2-тармағына сәйкес «Жиырма бір жасқа дейінгі адамдарды, құмар ойындарға және (немесе) бәс тігуге қатысуы шектелген адамдарды, сондай-ақ атқарушылық құжаттардың орындалуын қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды және осы саладағы қызметті мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті орган Борышкерлердің бірыңғай тізіліміне енгізген, мүліктік өндіріп алу туралы атқарушылық құжаттар бойынша орындалмаған міндеттемелері бар адамдарды құмар ойындармен және (немесе) ақшаға, заттарға және өзге де құндылықтарға бәс тігумен айналысуға тарту – жеке тұлғаларға екі жүз айлық есептік көрсеткіш

мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді (<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000235>).

Ойнау жасына келмеген азаматтардың құмар ойындарына және бәс тігуге қатысуы шектеледі. Оларға заңсыз ойын ойнауға мүмкіндік берген заңды тұлғаларға қомақты көлемде айыппұл салынады және қайталанатын жағдайда лицензиялары тоқтайды.

Сонымен қатар заңсыз онлайн казино ұйымдастырушыларға Қылмыстық кодекстің 307-бабы бойынша жаза қолданылады (<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226>). Атап айтқанда, мүлкі тәркіленіп, 2000 айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға немесе сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, 600 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, 2 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге жаза қарастырылған. Мұнымен қоса, заңсыз лотоматиктер мүлдем жойылады. Сондай-ақ балалар, білім беру, медициналық, діни ұйымдар орналасқан тұрғын үйлер мен ғимараттарда лотерея билеттерін таратуға және лотерея терминалдарын орнатуға тыйым салынады.

Қазақстан Республикасының «Ойын бизнесі туралы» Заңының 15-1 бабына 1-тармағына сәйкес «Жиырма бір жасқа толған Қазақстан Республикасының азаматы уәкілетті органға өзін құмар ойындарға және (немесе) бәс тігуге қатысуы шектелген адамдардың тізіміне енгізу туралы өтініш беру арқылы өзінің алты айдан он жылға дейінгі мерзімге құмар ойындарға және (немесе) бәс тігуге қатысуын өз бетінше шектей алады. Өтініште тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), жеке басын куәландыратын құжаттың деректері, құмар ойындарға және (немесе) бәс тігуге қатысуын шектеу мерзімі, жеке немесе электрондық-цифрлық қолтаңба қамтылуға тиіс. Берілген өтініш қайтарылуға немесе кері қайтарып алуға жатпайды» делінген (<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000219>). Яғни, жеке тұлға кез келген ойын бизнесін ұйымдастырушыға еркін нысандағы жазбаша өтінішін жеке өзі беру арқылы алты айдан бір жылға дейінгі мерзімге өзін құмар ойындарға және (немесе) бәс тігуге қатысудан өз бетінше шектей алады.

Халықаралық тәжірибені талдау билік өкілдерінің құмар ойындарға қатысуына тыйым салу өте кең таралған құбылыс екенін көрсетеді.

АҚШ-та федералды реттеу кодексіне сәйкес мемлекеттік қызметкерлерге кез келген құмар ойындарға қатысуға және өткізуге тыйым салынған (B.N. Kim 2014: 266-273).

Португалияда казиноларға келушілерге әскери формада кіруге тыйым салынады. Судьялар мен дипломаттар казиноға кіре алады, бірақ ойнауға тыйым салынған.

Бельгияда заңгерлердің, нотариустардың, әскери қызметкерлердің, полицейлердің және мемлекеттік және муниципалдық қызметкерлердің барлық санаттарының құмар ойындарына қатысуына тыйым салынды. Құмар ойындар жөніндегі Комиссия казино мен ойын залдарына баруға тыйым салынған адамдардың базасын үнемі жаңартып отырады және бірыңғай ақпараттық жүйені жүргізуге міндетті (Arturo Montejo Ruez 2024: 84)

Сингапурда полиция қызметкерлеріне қызметтік міндеттерін орындауға байланысты жағдайларды есептегенде, қызмет кезінде ойын ғимаратарына баруға тыйым салынған.

Жалпы, зерттелген халықаралық тәжірибеге сәйкес, казиноға барған мемлекеттік қызметкерлер өздерінің есептері мен кірістер туралы декларацияларында көрсетуге міндетті екенін көрсетеді. Есептерді ұсынбаған жағдайда қылмыстық жауапкершілікке әкеп соғады.

Бүгінгі таңда әлемде тәуелділіктің бірыңғай жіктеуі жоқ, өйткені осы тәуелділікті зерттеу салыстырмалы түрде жақында басталды. Дегенмен, кейбір нұсқалар бар. Сонымен, Канададан келген ғалымдар тобы құмар ойынға тәуелділіктің келесі түрлерін ажыратуды ұсынды.

Бірінші. Нашақор үнемі казинода ойнайды, лотереялар мен бинго ойындарын ұнатады, ойнап, ставкалар жасайды.

Екінші. Тәуелділіктің бұл түрі адамның достарымен, туыстарымен және әріптестерімен ставка жасайтыны және ақша жасайтындығы сипатталады.

Үшіншісі. Адам онлайн казино ойнағанды ұнатады, жер асты ойын мекемелеріне келуші.

Төртінші. Бұл жағдайда нашақорлар биржада ойнайды (Hildebrandt, 2010: 77-78).

Талқылау

Отандық және шетелдік ғылыми әдебиет көздерін зерттеу құмар ойындарға тәуелділікке көзқарастардың алауыздығын көрсетті. Ойынға қосылу себептері аз зерттелген. Осы уақытқа дейін ойын тәуелділігінің клиникалық көрінісінің патологиялық тартылу белгілерінің толық сипаттамасы жоқ.

О.Ж. Бузик өзінің диссертациялық жұмысында «Құмар ойындарға патологиялық тарты-

лу проблемасы қазіргі сәтте өзекті болып табылады. Стационарлық және амбулаториялық көмекке жүгінетін «құмар ойындарға патологиялық тартылу» (гемблинг, қалайылау) диагнозы бар пациенттердің ұдайы өсуі байқалады» деп пайымдаған [Бузик О.Ж. 2008: 3]. Құмар ойындарға патологиялық тартымдылық және соған байланысты тұлғаның деградациясы және қарыздың жинақталуы отбасының ыдырауына негізгі себептерінің бірі.

Ойынқұмарлық – компьютер немесе құмар ойындарға тәуелді болу, мүмкіндігінше жиі ойын ойнауға деген патологиялық ниет (https://www.who.int/health-topics/addictive-behaviour#tab=tab_1).

Ойынға тәуелділік психикалық бұзылыққа жатады және оны емдеу үшін негізінен психотерапия әдістері қолданылады. 2018 жылы Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (бұдан әрі – ДДҰ) тәуелділіктің бұл түрін қабылдады (<https://www.who.int/news/item/14-09-2018-inclusion-of-gaming-disorder-in-icd-11>).

Т.Қ. Қайдарова, А.Д. Абенов, Н.Ж. Затилла «Жастар ресурстық орталықтарына ойынқұмарлықтың (лудоманияның) қауіптілігі туралы консультативтік жұмыс жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдар» еңбегінде ойынқұмарлар өзінің мінез-құлқын басқара алмайды және көбінесе құмар ойындарды ұйқы, тамақ сияқты физикалық қажеттіліктерден және оқу, жұмыс, отбасы сияқты әлеуметтік қажеттіліктерден жоғары қояды. Алайда ойынқұмарлық пен лудомания арасында айтарлықтай айырмашылық бар, соның бірі – қаржылық фактордың болуы. Ойынға тәуелді болған кезде ойын процесін жақсартуға және одан әрі ақшалай емес ұтыстарға жұмсалатын донаттар (ақша) бар. Ал лудомандарда ақшалай пайда табу міндетті болғанымен, осы мақсатқа жету үшін кез-келген қаржы салынады. Олардың көпшілігі үлкен ақшаға қол жеткіземін, ұтып аламын деп сенеді де, көп мөлшерде қарызға ақша алып, қарызға батып қалады (Қайдарова Т.Қ. 2023: 6).

Бұл ретте Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің мәліметіне сәйкес, Қазақстанда заңсыз ойын бизнесін ұйымдастыру фактілері 2018 жылғы 328-ден 2022 жылы 149-ға дейін азайғаны байқалады. Алайда заңсыз ойын бизнесінің азайғаны ойынқұмарлар мен лудомандар санының азаюына оң әсер етпеді. Осы жерде бір айта кетері, құрбандардың 80%-ы – 14 пен 39 жастағы азаматтар. Оған қоса, заңсыз ойын биз-

несін ұйымдастырғаны үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылғандардың 74%-ы – жастар (<https://www.gov.kz/memleket/entities/pravstat/documents/1?lang=ru>).

Құмар ойындарға деген құштарлық көбінесе қарызға батырады және адамды пара алуға және манипуляциялау жасауға итермелейді (<https://www.gov.kz/memleket/entities/tsm/press/news/details/798983?lang=kk>). Ойынқұмар мемлекеттік функцияны атқаратын адам қандай жолмен болса да бәс тігуге және құмар ойынға ақша табуға тырысады. Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, мемлекеттік және әскери функцияны атқаратын лудомандар алдау-арбау, қиянат жасау, сеніп тапсырылған мүлікті талан-таражға салу, мемлекеттік бюджетке қандайда бір жолмен қол сұғу не пара алу арқылы сыбайлас жемқорлық қылмыстарын жасауы ықтимал.

Отандық заңгер-ғалымдар Б.Айтимов, Е.Дүсіпов, Д.Бекежанов «Провавые инструменты внедрения добропорядочности» тақырыбындағы еңбегінде парасаттылықты қалыптастырудың қажетілігі қоғамдағы парақорлықпен күреспен күшейтумен байланыстыра отырып, парасаттылықты қалыптастырудың қазақстандық заңнамасына шолу жасайды (Айтимов, 2022: 111-119). Парасаттылық пен ізгілік бар жерде адамгершілік қасиеттер үсем болады. Сыйластық, үлкенге құрмет, кішіге ізет арқылы жұмыстар оңтайлы бітіп, бармақ басты қол қысты жағдайлар ойын алмауы тиіс.

Б.Айтимов пен Б.Сериев «Мемлекетте мүдделер қақтығысын алдын алудың құқықтық реттелуі» мақаласында мемлекеттік және ұлттық қауіпсіздікке төнетін қауіптердің ішіндегі ең бастысы сыбайлас жемқорлық болып табылады және қала береді» деген пайымдау жасалған (Айтимов, 2024: 19-28).

М.Филп өзінің «Саяси сыбайлас жемқорлықты анықтау» атты еңбегінде мемлекеттік қызмет атқаратын адамдардың сөзсіз бірнеше мүдделері бар деп қарастырады. Бұл мүдделер олардың жеке өмірінің әртүрлі аспектілерімен, сондай-ақ олардың лауазымдық міндеттеріне сәйкес атқаруы тиіс қоғамдық мүдделермен де байланысты болып келеді (Philp, 1997: 436-462)

Зерттеушілер адамның жеке мүдделері олардың шындық туралы түсінігін өзгертетінін және адамдар өздерінің және басқалардың алдында жемқор әрекеттерді ақтай алатын «дәлелді пайымдау» құбылысын анықтады (Feldman Yc, 2019: 65-83). Мемлекеттік қызметте бұл тәуекелдер бірқатар ситуациялық әсерлерге байла-

нысты өткір болуы мүмкін, шенеуніктер жиі өткір этиалық дилеммаларға тап болады.

Шенеуніктердің өз қызметін аяқтап, мемлекеттік қызметте өздері реттеген салаларда қызмет атқаруын «айналмалы есік» деген атаумен мүдделер қақтығысы жайлы жүргізген зерттеулер де көңіл аударуды қажет етеді (Brezis, 2017: 175-188). Сондай-ақ мүдделер қақтығысы туралы жариялаудың қазіргі уақыттағы тиімсіз жүйесі туралы зерттеулер де кездеседі (Salinas, 2018: 100-108).

Шенеулік сыбайлас жемқорлық қылмыстарын жасағанда, пара алғанда белгілі бір байлыққа, ақша-қаражатына деген қызығушылық артатыны белгілі, осы жерде лудоман-шенеулік арам жолмен тапқан қаржысын құмар ойындарға салу жағдайы кездеседі. Мәселенкей мемлекеттік мекеменің бухгалтері бюджет қаражатын казино, букмекерлік кеңсенің немесе тотализатордың қызметін жүзеге асыратын ойын бизнесіне салып жіберген жәйттар бар.

Бұл, әрине мемлекеттік қызметкерлер, әскери және барлау қызметкерлері туралы сөз болғанда, елдің ұлттық қауіпсіздігіне қауіп төндіреді. Мысалы, 2022 жылы Алматы облысының прокуратурасы жүргізген тексеру қорытындысы бойынша 300-ге жуық мемлекеттік қызметші мен әскери қызметкер казинода 507 млн. теңгеден айырылғаны анықталды. Бұл қаржының қайдан шыққанына қатысты сұрақ көп. 2024 жылдың наурызында Ақтөбеде букмекерлік кеңседе бюджеттен үрланған 23 млн теңгені ұтылған әскери қызметші сотталды. Мұндай жағдайлар өте жиі тіркеледі, бірақ әрқашан көпшілікке жария етілмейді. Құмар ойындарға деген құштарлық көбінесе қарызға батырады және адамды пара алуға және манипуляциялау жасауға итермелейді. Бұл, әрине, мемлекеттік қызметкерлер, әскери және барлау қызметкерлері туралы сөз болғанда, елдің ұлттық қауіпсіздігіне қауіп төндіреді. Мысалы, 2022 жылы Алматы облысының прокуратурасы жүргізген тексеру қорытындысы бойынша 300-ге жуық мемлекеттік қызметші мен әскери қызметкер казинода 507 млн. теңгеден айырылғаны анықталды. Бұл қаржының қайдан шыққанына қатысты сұрақ көп. 2024 жылдың наурызында Ақтөбеде букмекерлік кеңседе бюджеттен үрланған 23 млн. теңгені ұтылған әскери қызметші сотталды. Мұндай жағдайлар өте жиі тіркеледі, бірақ әрқашан көпшілікке жария етілмейді (<https://www.who.int/news/item/14-09-2018-inclusion-of-gaming-disorder-in-icd-11>).

Шенеуніктерге қатысты лудомания заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізуіміздің негізгі екі себебін атауға болады. Біріншіден, шенеуніктерге құмар ойындарына қатысуы биліктің абыройына, беделіне теріс ықпал етеді. Екіншіден, құмар ойындарға қатысу шенеунікті пара алуға итермелейді.

Қорытынды

Құмар ойындарға тәуелділік оң өзгерістерге әкелмейтіндігі белгілі. Дегенмен де бұл құмар ойындардың алдын-алу өте маңызды. Бүгінгі күні әлемдік медициналық тәжірибеге сүйенсек ойынқұмарлық нашақорлық, токсикомания және маскүнемдік сияқты басқа тәуелділік түрлерімен қатар қояды. Психотерапия құмар ойындарға эмоциялық тәуелділік белең алып бара жатқанын мойындап, жіті назар аудару қажет екенін хабарлап отыр.

Егер ойын ойнау шаршағанды басатын болса, оны да басқа хоббимен алмастыруға болады. Балалық шақта, жасөспірім кезде не қызықтырғанын еске алып, оны қайталап көру қажет, әрі ұнайтын нәрселер табылады. Тіпті болмаса, үйді күн сайын жинап, егер жер үйде тұрса аула тазалап, бау-бақшаға күтім жасау, арам шөптерін жүлу, суғару, түптеу де дене шынықтыру болып табылады. Сөйтіп ойынды кейінге қалдырып, не ойын туралы ойларыңызды кейінге қалдыру керек. Тағы да ойнағысы келсе, ерікке жол бермеу керек, үзіліс жасау қажет. Сыртта болып жатқан табиғат аясына назар аудару керек.

Уақытылы ұйықтау, мерзіммен тамақтану, көбірек қозғалу, таза ауада жиі серуендеу және жақындарыңызбен көбірек араласу – сіздің физикалық және психологиялық күш-қуатыңызды қалпына келтіретін факторлар деген тұжырымға келдік.

Психолог-мамандар лудоманияны емдеу өте қиын екенін айтып көрсетуде. Адам лудоманиядан зардап шеккенін мойындамайынша оны жеңе алмайды. Құмар ойыннан өз бетінші бас тартпайынша ол адамды емдеу мүмкін емес. Ал құмар ойыннан бас тарту процесі әрқашан ауыр. Бұл жолдан өту үшін адамда нақты мақсат болу керек. Өмірдегі ең маңызды құндылықтар отбасын сақтап қалу, қарыздан құтылу, өтірік айтпау, достықты құрметтеп сыйлау, абыройды сақтау жолында әрекет ету керек. Адам өзіне сенімсіз болса ақша ұстамай, сенімді адамға беріп қою қажет. Несиелік картаны жабып, бұғаттап, онлайн бәстердің (ставкалардың) шоттарын жауып, егер

адам офлайн ойнаса, қолма-қол ақшаны сақтамауға тырысу керек. Осылайша ойындарға қол жетімділікті қиындатылады. Құмар ойындар бағдарламаларын, қосымшаларын жою керек.

Мынадай кеңес беруге болады, құмар ойындардың ақша салмайтын, бәс тікпейтін басқаша нұсқаларын табыңыз. Егер ойынға құмарлық, адреналин жетіспей тұрса спортпен айналысыңыз. Мүмкіндігінше экстремалды, тау шаңғысы, тау велосипеді және т.б. спорт секцияларына қатысыңыз.

Лудоманияны анықтауға және алдын алуға бағытталған бірыңғай іс-қимыл алгоритмі толық әзірленбеген және бұл қажетті болып отыр. Құмар ойынға тәуелділік тек медициналық ғана емес, сондай-ақ әлеуметті-экономикалық мәселе. Сонымен қатар, жалпы еліміздің проблемасына айналды. Қазақстан Республикасында лудоманияға қарсы заңнаманы қалыптастырудың төмендегідей тұжырымдар жасалды.

Біріншіден, Қазақстан Республикасында құмар ойындардың түсінігі, жалпы сипаттамасы, туындау себептері және оны реттетеу механизмдері, негізгі принциптері мен субъектілерін қамтыған «Қазақстан Республикасында заңсыз ойын бизнесіне мен лудоманияға қарсы күрес туралы» Заңын қабылдау қажет.

а) Заңға сәйкес, құмар ойындарға қатысу үшін рұқсат етілген жасты 35 жасқа дейін ұлғайту. Өздеріңіз білетіндей, Қазақстан Республикасындағы «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңына сәйкес жастар санатының жас мөлшері 29-дан 35-ке өзгергені белгілі, сол себепті жас шамасын ұлғайту жөнінде қорытындыға келдік;

б) әлеуметтік сала қызметкерлерін (оқытушылар, мұғалімдер, медицина қызметкерлері) құмар ойындарға қатысуға тыйым салу тұжырымдалды. Жастарға тәлім-тәрбие беретін тұлғалар;

в) құмар ойындардан зардап шегушілерді мемлекет есебінен тегін емдеу мен медициналық-психологиялық әлеуметтік оңалтуды қамту ұсынылды.

Екіншіден, кәмелетке толмағандарды құмар ойындарға тартқаны үшін жауаптылықты арттыру мәселесін жолға қою қажеттілігі туындап отыр. Құмар ойындарға тәуелділіктің қоғамға қауіптілігі және кәмелетке толмағандарды құмар ойындарға тартуға байланысты әрекеттерді қылмыстық жауапкершілікке тарту мәселесі үлкен алаңдаушылық туғызады.

Кейбір авторлардың пікірінше, ойынға тәуелділік – бұл отбасылық ауру. Құмар ойын-

шылардың отбасылық тарихын зерттеу жақын туыстарының үштен бірінен астамы құмар ойындардан зардап шеккенін көрсетті.

Лудомания проблемасы өте өзекті және аз зерттелгенінен қарамастан, құмар ойындарға жас өспірімдердің тәуелділігін белгілерін және кәмелетке толмағандардың құмар ойындарға тартылуының себептерін анықтау керек. Сондай-ақ, кәмелетке толмағандарды құмар ойындарға тартуға байланысты жауаптылықты арттыруға арналған қылмыстық заңнамаларға жаңа ережелер енгізу мәселесі ұсынылды.

Үшіншіден, оңай жолмен келетін ақшаны насихаттауға жол бермеу қажет. Метрода, көшедегі билеордтарда, интернет кеңістігінде құмар ойындардың жарнамасы толассыз көп орналастырылған. Әлбетте азаматтар қызығады, алданады. Сол үшін құмар ойын жарнамасына заңнамалық тыйым салу керек деген тұжырымдалды.

Төртіншіден, Қазақстан Республикасында Лудоманияға қарсы заңнаманы қалыптастыруға және түсіндіру жұмыстарын жүргізуге

тартылған мамандарға арналған әдістемелік ұсынымдар:

- әлеуметтік желілерде жіне интернет ресурстарында құмар ойындардың алдын алу бойынша электрондық материалдар, буклеттер мен өзге де ақпараттарды әзірлеу;

- құмар ойындардың алдын алу бойынша семинар-тренингтерді жиі өткізу;

- лудоманияның алдын алу бойынша жаттықтырушыларды жиі-жиі оқытуды ұйымдастыру;

- лудоманияның алдын алу бойынша арнайы пәнді оқу бағдарламаларына енгізу;

- ойынға тәуелділік белгілерінің бар-жоғын анықтау бойынша білім алушылардың диагностикасы.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Бұл зерттеуді Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім Министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырады (№BR 24992927 бағдарламасы).

Әдебиеттер

Қасым-Жомарт Тоқаев: Лудомания – бейбіт күнде елдің шырқын бұзып жатқан қатер // <https://kaz.inform.kz/news/prezident-ludomaniya-beybt-kunde-eldn-shirkin-buzip-zhatkan-kater-ae4847/> 2004.

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 тамызында қабылданған Конституциясы // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы №440-V Заңы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000410>

Қазақстан Республикасының «Құқық қорғау қызметі туралы» 2011 жылғы 6 қаңтардағы №380-IV Заңы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000380>

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары туралы» 2012 жылғы 13 ақпандағы №552-IV Заңы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1200000552>

Қазақстан Республикасының «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» 2012 жылғы 16 ақпандағы №561-IV Заңы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1200000561>

Құмар ойын және заң // <https://syrbойi.kz/akparat/qumar-ojynnyng-quryghy-171427/>

Қазақстан Республикасының «Жарнама туралы» 2003 жылғы 19 желтоқсандағы №508 Заңы // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z030000508_

Қазақстан Республикасының «Лотереялар және лотерея қызметі туралы» 2016 жылғы 9 сәуірдегі №495-V Заңы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1600000495>

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі №235-V ҚРЗ // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000235>

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі №226-V ҚРЗ // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226>

Қазақстан Республикасының «Ойын бизнесі туралы» 2007 жылғы 12 қаңтардағы №219 Заңы // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000219_

B.N. Kim, M.A. Masud, Yongkuk Kim Optimal Implementation of Intervention Strategies for Elderly People with Ludomania Osong Public Health and Research Perspectives Volume 5, Issue 5, October 2014, P.266-273.

Arturo Montejo-Ráez, M. Dolores Molina-González, Salud María Jiménez-Zafra, Miguel Ángel García-Cumbreras, Luis Joaquín García-López A survey on detecting mental disorders with natural language processing: Literature review, trends and challenges Computer Science Review Volume 53, August 2024, 100654.

Hildebrandt, L. (2010). There are no 'ludomaniacs': An ethnography of gambling with gambling machines. Institut for Antropologi, Arkæologi og Lingvistik, Aarhus Universitet. 36. P.77-78.

Бузик О.Ж. Зависимость от азартных игр: клинические проявления, особенности течения, лечение: Диссертация на соискание ученой степени доктора медицинских наук. – М., 2008. – 326 с.

Addictive behavior [Электронды ресурс]: Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы: https://www.who.int/health-topics/addictive-behaviour#tab=tab_1

Inclusion of gaming disorder in ICD 11 [Электронды ресурс]: Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы: URL: <https://www.who.int/news/item/14-09-2018-inclusion-of-gaming-disorder-in-icd-11>

Қайдарова Т.Қ., Абеннов А.Д., Затилла Н.Ж. «Жастар ресурстық орталықтарына ойынкүмарлықтың (лудоманияның) қауіптілігі туралы консультативтік жұмыс жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдар. – Астана: «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы, 2023. – 8 б.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті: URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/pravstat/documents/1?lang=ru>

Шешім жобасы Д.Смағұловтың шенеуліктерге құмар ойынға тыйым салу петициясын қарау нәтижелері бойынша <https://www.gov.kz/memleket/entities/tsm/press/news/details/798983?lang=kk>

Б.Айтимов. «Провавые инструменты внедрения добропорядочности» // Б.Айтимов, Е.Дүсіпов, Д.Бекежанов// Вестник Карагандинского университета. Серия «Право». – 2022. – №1(105). – с. 111-119.

Б.Айтимов. «Мемлекетте мүдделер қақтығысын алдын алудың құқықтық реттелуі» // Б.Айтимов, Б. Сериев // Құқық қорғау органдарының жаршысы. – 2024. – №2 (32). – с.19-28.

Philp, M. Definition of political corruption / M. Philp // Political Studies. – 1997. – №3(45) – P.436-462.

Feldman, Yu. Regulation of «good» people in situations of hidden conflict of interest / Yu. Feldman, E. Halali // Journal Business Ethics. – 2019. – №1(154). -P.65-83.

Brezis, E.S. Legal conflicts of interest of the revolving door / E.S. Brezis // Journal of Macroeconomics. – 2017. – №52. – P.175-188.

Salinas, D. Towards Integrity Machines: Design Theory for Information Systems addressing Conflicts of Interest in the Public Sector / D. Salinas // Easy Chair Preprint. – 2018. – №3733. – P.100-108.

References

Qazaqstan Respublikasynuñ «Әskerі қызмет және әскері қызметшілердің мәртебесі туралы» 2012 жылғы 16 ақпандағы №561-IV Заңы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1200000561>

Құмар ойн және заң // <https://syrboly.kz/akparat/qumar-ojynnyng-quryghy-171427/>

Қазақстан Республикасының «Zharnama туралы» 2003 жылғы 19 желтоқсандағы №508 Заңы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z030000508>

Қазақстан Республикасының «Loterejalar және lotereja қызметі туралы» 2016 жылғы 9 сәуірдегі №495-V Заңы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1600000495>

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзшылық туралы Кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі №235-V ҚРЗ // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000235>

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі №226-V ҚРЗ // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226>

Қазақстан Республикасының «Ожын бизнесі туралы» 2007 жылғы 12 қаңтардағы №219 Заңы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000219>

B.N. Kim, M.A. Masud, Yongkuk Kim Optimal Implementation of Intervention Strategies for Elderly People with Ludomania Osong Public Health and Research Perspectives Volume 5, Issue 5, October 2014, P.266-273.

Arturo Montejo-Ráez, M. Dolores Molina-González, Salud María Jiménez-Zafra, Miguel Ángel García-Cumbreras, Luis Joaquín García-López A survey on detecting mental disorders with natural language processing: Literature review, trends and challenges Computer Science Review Volume 53, August 2024, 100654.

Hildebrandt, L. (2010). There are no ‘ludomaniacs’: An ethnography of gambling with gambling machines. Institut for Antropologi, Arkæologi og Lingvistik, Aarhus Universitet. 36. P.77-78.

Buzik O.Zh. Zavisimost’ ot azartnyh igr: klinicheskie proyavleniya, osobennosti techcheniya, lechenie: Dissertaciya na soiskanie uchenoj stepeni doktora medicinskih nauk. – M., 2008. – 326 s.

Addictive behavior [Jelektronды resurs]: Dүniezhүzilik densaulyқ saқтаu ұjymy: https://www.who.int/health-topics/addictive-behaviour#tab=tab_1

Inclusion of gaming disorder in ICD 11 [Jelektronды resurs]: Dүniezhүzilik densaulyқ saқтаu ұjymy: URL: <https://www.who.int/news/item/14-09-2018-inclusion-of-gaming-disorder-in-icd-11>

Қайдарова Т.Қ., Абеннов А.Д., Затилла Н.Ж. «Zhastar resurstық ortalyqtaryna ojynқumarлықтың (ludomaniyanуң) қаuiptiligi туралы konsul’ativtik zhymys zhүrgizu bojnsha әdistemelik ұsynymdar. – Astana: «Zhastar» ғylymi-zertteu ortalyғy, 2023. – 8 б.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті: URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/pravstat/documents/1?lang=ru>

Sheshim zhoбasy D.Smaғұlovтың sheneulikterge қumar ojynға tyjym салu peticiyasyn қарау нәтижелері bojnsha <https://www.gov.kz/memleket/entities/tsm/press/news/details/798983?lang=kk>

В.Айтимов. «Provavye instrumenty vnedreniya dobroprorjadachnosti» // В.Айтимов, Е.Дүсіпов, Д.Бекежанов// Vestnik Karagandinskogo universiteta. Serija «Pravo». – 2022. – №1(105). – с. 111-119.

В.Айтимов. «Memlekette мүddeler қақтығysyn aldyn алудың құқықтық rettelui» // В.Айтимов, В. Seriev // Құқық қорғау органдарының zharshysy. – 2024. – №2 (32). – с.19-28.

Philp, M. Definition of political corruption / M. Philp // Political Studies. – 1997. – №3(45) – P.436-462.

Feldman, Yu. Regulation of «good» people in situations of hidden conflict of interest / Yu. Feldman, E. Halali // Journal Business Ethics. – 2019. – №1(154). -P.65-83.

Brezis, E.S. Legal conflicts of interest of the revolving door / E.S. Brezis // Journal of Macroeconomics. – 2017. – №52. – P.175-188.

Salinas, D. Towards Integrity Machines: Design Theory for Information Systems addressing Conflicts of Interest in the Public Sector / D. Salinas // Easy Chair Preprint. – 2018. – №3733. – P.100-108.

Авторлар туралы мәлімет:

Сериев Болат Абдулдаұлы – заң ғылымдарының кандидаты, профессор, I.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің Басқарма мүшесі – жастар саясаты жөніндегі проректоры (Қазақстан, Талдықорған қ., e-mail: seriev_bolat@mail.ru);

Хамзина Жанна Амангельдиевна – заң ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Қазақстан, Алматы қ., e-mail: tmmmp13@mail.ru);

Таубаев Бауржан Рыспекович – философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессоры (доцент), I.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің Басқарма мүшесі – Академиялық мәселелер жөніндегі проректоры(Қазақстан, Талдықорған қ., e-mail: t_bauka1114@mail.ru);

Айтимов Болат Жолдасбекович – философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессоры (доцент), I.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті (Қазақстан, Талдықорған қ., e-mail: bola_30081978@mail.ru);

Коньсбекова Макпал Рымкуловна (корреспондент автор) – оқытушы-дәріскер, I.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті (Қазақстан, Талдықорған қ., e-mail: makpal_konysbekova@mail.ru).

Информация об авторах:

Сериев Болат Абдулдаевич – кандидат юридических наук, профессор, Член Правления – проректор по молодежной политике Жетысуского университета им. И. Жансугурова (Казахстан, Талдыкорган, e-mail: seriev_bolat@mail.ru);

Хамзина Жанна Амангельдиевна – доктор юридических наук, профессор, Казахский национальный педагогический университет им. Абая (Казахстан, Алматы, e-mail: tmmmp13@mail.ru);

Таубаев Бауржан Рыспекович – доктор философии (PhD), доцент (ассоциированный профессор), Член Правления – проректор по учебной работе Жетысуского университета им. И. Жансугурова (Казахстан, Талдыкорган, e-mail: t_bauka1114@mail.ru);

Айтимов Болат Жолдасбекович – доктор философии (PhD), доцент (доцент), Жетысуский университет имени И. Жансугурова (Казахстан, Талдыкорган, e-mail: bola_30081978@mail.ru);

Коньсбекова Макпал Рымкуловна (автор-корреспондент) – преподаватель, Жетысуский университет имени И. Жансугурова (Казахстан, Талдыкорган, e-mail: makpal_konysbekova@mail.ru).

Information about authors:

Seriyev Bolat Abduldaevich – candidate of law, professor, Member of the Management Board – Vice-Rector for Youth Policy of Zhetysu University named after I. Zhansugurov (Taldykorgan, Kazakhstan, e-mail: seriev_bolat@mail.ru);

Khamzina Zhanna Amangeldievna – doctor of law, professor, Abai Kazakh National Pedagogical University (Kazakhstan, Almaty, e-mail: tmmmp13@mail.ru);

Taubayev Baurzhan Ryspekovich – doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor (Associate Professor), member of the board – vice-rector for Academic Affairs of Zhetysu University named after I. Zhansugurov (Taldykorgan, Kazakhstan, e-mail: t_bauka1114@mail.ru);

Aitimov Bolat Zholdasbekovich – doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor (Associate Professor), Zhetysu University named after I. Zhansugurov (Taldykorgan, Kazakhstan, e-mail: bola_30081978@mail.ru);

Konysbekova Makpal Rymkulovna (corresponding author) – lecturer, Zhetysu University named after I. Zhansugurov (Taldykorgan, Kazakhstan, e-mail: makpal_konysbekova@mail.ru).

Тіркелген: 28.11.2024 жыл
Қабылданды: 20.12.2024 жыл